

Бекітілді:
№ 23 «Битымал» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі: Урмилтасва Р.Ж.

28



2020 – 2021 оқу жылына арналған ортаңғы топтың перспективалық жоспары.

2020 – 2021 оқу жылы.

Ай аты	Апта	«Денсаулық» Денешынықтыру 3	«Қатынас» Сөйлеуді дамыту 1 Көркем әдебиет 0,5 Орыс тілі 0,5	«Таным» Математика негіздері 1 Жаратылыстану 1 Құрастыру 0,5	«Шығармашылық» Сурет салу 1 Музыка 1,5 Мүсіндеу 0,25 Жапсыру 0,25	«Әлеумет» Қоршаған ортамен танысу 0,5
<p>Өтпелі тақырып: «Балабақша» Қыркүйек айы</p>	<p>1. апта. «Менің балабақшам»</p>	<p style="text-align: center;">«Денсаулық» Дене шынықтыру Мақсаты: Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекіту: шағын топпен тұру, нұсқаушының соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүруге үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен жүру, жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Балаларды тапсырманы дұрыс түсініп орындауға, шапшаңдыққа үйрету; қимыл белсенділігін арттыру, ептілікке баулу. Жылдамдық ж/е ептіліктерін дамыту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p style="text-align: center;">«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Тақ: «Топқа саяхат» Мақ: Топ бөлмелері мен топтағы заттарды, заттардың бөлшектерін ажыратып атауға, сөздегі дыбыстарды анық айтуға үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет Тақ: «Біздің балабақша» (М.Әлімбаев) Мақ: Балабақша туралы түсініктерін кеңейте отырып, өлең жолдарын жаттап алуға дағдыландыру.</p>	<p style="text-align: center;">«Таным» Математика негіздері Тақ: Таңертең. «Бір-көп» Мақ: «Таңертең» тәулік бөлігімен таныстыру, топтағы заттардан бір немесе көп заттарды тауып көрсетуге, топтағы біртекті заттардан топтар құрастыруға одан біреуін бөліп көрсетуге үйрету</p> <p>Жаратылыстану Тақ: «Балабақша екінші үйіміз» Мақ: Балабақшаның отбасына ұйқастығын көрсету, балабақша қызметкерлерінің мамандықтары туралы білім беру (медбике, аспаз): ересектердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу</p>	<p style="text-align: center;">«Шығармашылық» Сурет салу. Тақ: «Қағаз, қарандашпен таныстыру» Мақ: Балаларға көлденең, тігінен сызықтар сызуды үйрету, қағаз бен қарандаштармен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыка . Тақ: «Бақшаға келемін» Мақ: Балабақша туралы әңгімелеу. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектер мен бірге ән салуға баулу. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру</p> <p>Мүсіндеу . Тақ: «Доп» Мақ: Доп туралы жалпы түсініктерін кеңейту, ермексаз және сазбалшық-н қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру, олардың кесектерін домалату, ширату, созу тәсілдерін үйрету</p>	<p style="text-align: center;">«Әлеумет» Қоршаған ортамен танысу. Тақ: «Балабақша екінші үйіміз» Мақ: Балабақша мен балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту, балабақшаға жағымды көзқарастарын қалыптастыру.</p>

<p style="text-align: center;">2. апта. «Менің достарым. Дұрыс тамақтану.»</p>	<p style="text-align: center;">«Денсаулық»</p> <p>Дене шынықтыру Мақ: Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіруге (аяқ бірге – аяқ алшақ) үйрету. Шағын топпен бір – біріне кедергі жасамай жүгіру; саптан шықпай, бағытты сақтай жүру; аяқты тізеден сәл бүгіп, секіріп, аяқты алшақ, бірге ұстау дағдыларын бекіту. Музыканың басталуын сезініп, музыкаға сәйкес жүруге баулу.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ: Қос аяқпен секіруге (аяқ бірге – аяқ алшақ) бір – біріне доп домалатуды үйрету. Ирелең жолмен жүру. Қос аяқпен секіру (аяқ бірге – аяқ алшақ) дағдыларын бекіту. Музыканың басталуын сезініп, музыкаға сәйкес жүру; сөздерді қайталау және оны орындау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ: Балалардың ойлау, байқампаздық қасиеттерін дамыту. Шапшаңдыққа ептілікке, баулу. Дене жаттығуларын сүйеге үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p style="text-align: center;">«Қатынас»</p> <p>Сөйлеуді дамыту Тақ: «Бізге қонаққа қуыршақ келді» Мақ: Түрлі қуыршақтар туралы және қуыршақтармен дос болуға үйрету және қысқаша сипаттау арқылы мәтін құрастыру. Зат есімдердің жекеше түрін қолдануға, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйрету.</p> <p>Орыс тілі. Тема; Игрушки Цель; Учить детей понимать вопросы на русском языке и давать правильные ответы, называть игрушки. Воспитывать бережное отношение к игрушкам. Научить, как благодарят на русском языке. Упражнять в умении отвечать на вопрос: «Это что?»</p>	<p style="text-align: center;">«Таным»</p> <p>Математика негіздері Тақ: «Бір-көп» Мақ: «Көп», «Біреу» ұғымдарын бекіту, заттарды бір қатарға реттілікпен солдан оңға қарай орналастыруды үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Тақ: «Топқа саяхат» Мақ: Балабақшаның топ бөлмесіндегі жабдықтармен таныстыру, балаларды айналадағы қоршаған ортаға танымды қызығушылықпен қарауға баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру Тақ: «Қақпа» Мақ: Тік төртбұрышты периметтері бойынша кірпіштерді белгілі бір арақашықтықта орналастыру арқылы құрылысын құрастыруға үйрету.</p>	<p style="text-align: center;">«Шығармашылық»</p> <p>Сурет салу Тақ: «Түрлі-түсті қарындаштар» Мақ: Балаларға түрлі-түсті сызықтарды жоғарыдан төмен бағытында жүргізуге үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Тақ: «Менің добым» Мақ: Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға дағдыландыру. Допты қолдана отырып әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.</p> <p>Музыка Тақ: «Менің добым» Мақ: Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға дағдыландыру. Допты қолдана отырып әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.</p>	
---	--	---	---	---	--

	<p>3. апта. «Меніңсүйіктіойыншықтарым»</p> <p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Мақ:Бір-біріне доп домалатуды үйрету. Допты домалату кезінде қолдың қозғалу күшін, қимыл үйлесімділігін, ұсақ сезім мүшелерін дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ:Тура жолмен жүру және жүгіру.Шектелген алаң бойы жүруде тепе – теңдік сақтау қалпын бекіту. Төрттағандап еңбектеу кезінде,еңбектеуде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуді, ұсақ сезім мүшелерін дамыту</p> <p>Дене шынықтыру Мақ:Балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Шапшандыққа Нұсқаушының белгісі бойынша бағытты ауыстырып жүру ж/е жүгіруге жаттықтыру. Негізгі қасиеттерді шапшандық, ептілікті дамыту. Қимыл қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту.</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту. Тақ: «Сүйікті ойыншықтар» Мақ:Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, заттарды жалпы белгілері бойынша топтастыруға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет. Тақ:«Ойыншықтар» Н.Әлімқұлов Мақ:Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақтың интонациясын сақтап айтуға үйрету.</p>	<p>«Таным» Математика негіздері Тақ: «Геометриялық шеңбер фигурасы, («Неге ұқсайды» дидактикалық ойыны)«Геометриялық фигуралар» Мақ:Балаларды геометриялық пішіндер шеңбер және шаршымен таныстыру, олардың пішінін қолмен ұстап көру арқылы зерттеуге үйрету</p> <p>Жаратылыстану Тақ: «Біздің топтың ойыншықтары» Мақ: «Ойыншықтарды көріп,олардың аттарын атап,үлкен- кіші екенін ажырата білуге үйрету»</p>	<p>«Шығармашылық» Сурет салу Тақ: «Сылдырмақ» Мақ: Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту Сылдырмақ жайында әңгімелету,сөздік қорларын байыта отырып,сурет сала білуге үйрету.</p> <p>Музыка Тақ: «Біздің қуыршақ» Мақ: Қуыршақойыншықтары арқылы балалардың қызығушылығын арттыру.Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау.Әуенсипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау.Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Жапсыру. Тақ: «Доп» Мақ:Ойыншық туралы білімдерін нақтылау,оның түсін ажырата білуге үйрету,кеңістікті бағдарлай отырып,дайын пішінді дұрыс орналастыруға үйрету.</p>	<p>«Әлеумет» Қоршаған ортамен танысу. Тақ: «Сүйікті ойыншықтарым» Мақ:Ойыншықтардың қызметтік мәні туралы түсінік беру,олардың қандай материалдан жасалғандығы туралы айту,ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
--	--	---	---	---	--

<p style="text-align: center;">4. апта. «Жиһаздар.»»</p>	<p>«Денсаулық» Дене шынықтыру. Мақ:Шеңбер құру,шеңбер бойымен жүру және жүгіруге жаттықтыру. Қос аяғыменбір мезгілде екпінмен серпіліс жасай білу дағдыларын бекіту. Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дене шынықтыру.</p> <p>Мақ:Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліп жасай білу дағдыларын бекіту.Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дене шынықтыру. Мақ:Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Көңіл қоя білу, тез қимылдауды дамыту. Ойын бейнесіне сәйкес әрекет етуді үйрету.Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам әрекет етуге үйрету. бір орыннан ұзындыққа секіруді жетілдіру</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Тақ : «Қуыршақ Әйгерімнің бөлмесі» Мақ:Жиһаздар туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорды заттардың қасиетін білдіретін сөздермен толықтыруға үйрету.</p> <p>Орыс тілі. Тема: Мебель Цель: формирование навыков связной речи и умения правильно ставить ударение в словах при произношении. Задачи: обогащать словарь по теме, составлять словосочетания, согласовывая существительное с прилагательным, произносить слова выделяя ударный слог в слове; развивать слуховое восприятие, внимание, память, умение отвечать на вопрос; воспитывать аккуратность, бережно е отношение к предметам быта</p>	<p>«Таным» Математика негіздері Тақ: «Түн,бір -көп. Шеңбер» Мақ:Тәулік бөлігі түн мен таныстыру,заттар жиынтығын салыстыруды,бір зат қайда,көп зат қайда тұрғанын ажыратуды үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Тақ: «Тиінге арналған жиһаз» Мақ: Жиһаздар туралы түсініктерін нақтылау,жиһаз бөліктері білімдерін бекіту,тілін,зейінін,логик алық ойлауын дамыту,жиһаздарды қорғау қатынасын тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру. Тақ: «Диван және төсек» Мақ: Балалардың құрылыс материалдарын дұрыс қолдана білуге,олардың түсін,пішінін ажырата алуға дағдыландыру.</p>	<p>«Шығармашылық» Сурет салу Тақ: «Жиһаз» Мақ:Түзу сызықтарды қиылыстыру арқылы шкафтың суретін салуды үйрету</p> <p>Музыка Тақ: «Сылдырмақтар» әні. Мақ: Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, сылдырмақта дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйретуді жалғастыру.</p> <p>Музыка Тақ:«Сылдырмақтар» әні. Мақ: Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, сылдырмақта дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйретуді жалғастыру.</p>	
---	--	---	---	---	--

<p style="text-align: center;">Өтпелі тақырып: «Менің отбасым» Қазан айы</p>	<p style="text-align: center;">1. апта. «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»</p> <p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Мақ: Қос аяқпен секіруді (аяқ бірге – аяқ алшақ) үйрету. Саптізбекте бір-бірден тұру; секіру (аяқ бірге- аяқ алшақ) қимылдарын бекіту. Сепрпіліп секіру. Жаттығу орындау кезінде кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын үйрету. Тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ: Тура бағытта төрттағандап еңбектеуге үйрету. Бір – бірден сап – тізбекке тұру; тоқтап және тапсырманы орындай жүру; музыкаға сәйкес қимыл жасауға жаттықтыру.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ: Өлең жолдары арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту. Шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу. Аңғарымпаздыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Есту қабілеттерін жақсарту.</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту. Тақ: «Өзінің отбасы туралы әңгіме құрастыру» Мақ: Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.</p> <p>Көркем әдебиет Тақ: «Шалқан» (Орыс халық ертегісі) Мақ: Балаларға отбасы туралы түсініктерін кеңейту, әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс-тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.</p>	<p>«Таным» Математика негіздері Тақ: «Сол жақта, оң жақта. Заттарды сәйкестендіру. Дөңгелек» Мақ: Сол жақта оң жақта кеңістік түсініктерін қалыптастыру. Саны жағынан әркелкі заттарды салыстыруды үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Тақ: «Әжемнің ауылына қонаққа барамыз» Мақ: Күз мезгілінің негізгі ерекшеліктерін: аспанның бұлттануы, жаңбыр, жапырақтардың түсуі, күннің суытуын бақылау</p>	<p>«Шығармашылық» Сурет салу Тақ: «Анама арналған моншақтар» Мақ: Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңгелек мошақтардың суретін салуды үйрету. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Тақ: «Менің отбасым» Мақ: Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу.</p> <p>Мүсіндеу Тақ: «Әдемі моншақ» Мақ: Моншақты түсіне қарай араластыра білуді, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, илеу және жаныштау тәсілдерін үйрету.</p>	<p>«Әлеумет» Қоршаған ортамен танысу Тақ: «Менің сүйікті анам» Тақ: Отбасылық суреттерді қарастыруға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін, қазақ және басқа халықтардың тұрмыстық заттарын атауға үйрету</p>
---	---	---	--	--	---

	<p style="text-align: center;">2.апта «Менің көшем»</p> <p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Мақ:Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету.Берілген белгіге көңіл аударуға; қос аяқтап алға секіругежаттықтыру.Көзмөлшерін дамыту және табан бұлшықеттерін нығайту. Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалай әрекет ету керектігін түсіндіріп, шешім қабылдауға үйрету</p> <p>Дене шынықтыру Мақ:Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. Берілген белгіге көңіл аударуға; қос аяқтап алуға секіруге жаттықтыру. Көзмөлшерін дамыту және табан бұлшықеттерін нығайту. Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап, жүруге ж/е жүгіруге үйрету</p> <p>Дене шынықтыру Мақ:Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Көңіл қоя білу, тез қимылдауды дамыту. Ойын бейнесіне сәйкес әрекет етуді үйрету.Ойын барысында ынтымақтастыққа баулу; жылдамдық ж/е ептіліктерін дамыту. Ойын ережелерін сақтауға үйрету</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Тақ: «Мен тұратын үй» Мақ:Балаларға өздері тұратын үйлері және көшесі туралы әңгіме құрастыруға үйрету.Зат есім мен етістіктерді қатыстырып жекеше және көпше түрде қолдана білу дағдыларын дамыту..</p> <p>Орыс тілі. Тема:Моя семья. Цель: формирование навыков понимания простых вопросов и ответов на них в виде короткого предложения. Задачи: учить называть членов своей семьи; развивать артикуляционный аппарат, учить петь протяжно звук «У»; закреплять умение слушать педагога, развивать внимание, память; воспитывать заботливое отношение и любовь к близким людям.</p>	<p>«Таным» Математика негіздері Тақ:«Таң,күндіз,кеш,тү н.Сол жақта оң жақта.Дайын пішіндерді жапсыру. Мақ: Дайын пішіндерді жапсыру түсініктерін қалыптастыру және оларды дұрыс пайдалануға үйрету,тәуліктің қарама –қарсы мезгілдерін айыра білу.</p> <p>Құрастыру Тақ: «Жаяу жүргіншілерге және көліктерге арналған кең,тар жолдар». Мақ: Балаларды жаяу жүргіншілерге арналған арнайы жолмен жүруге дағдыландыруды қалыптастыру.</p> <p>Жаратылыстану Тақ: «Менің үйім» Мақ: Үйдің құрылымы және оның бөлмелері туралы қарапайым түсінік беру және өздері тұратын үйлері жайында әңгімелеуге ынтасын тудыру,</p>	<p>«Шығармашылық» Сурет салу. Тақ: «Ертегі үйшік» Мақ: Балаларға таныс геометриялық пішіндерді үйлестіре отырып, үй салуды үйрету.</p> <p>Музыка Тақ:«Жақсы көрем атамды» Мақ:Қазақтың киелі аспабы домбырамен таныстыру.Күй жанры туралы мағлұмат беру.</p> <p>Музыка Тақ:«Жақсы көрем атамды» Мақ:Қазақтың киелі аспабы домбырамен таныстыру.Күй жанры туралы мағлұмат беру.</p>	
--	---	--	--	---	--

<p style="text-align: center;">3. апта «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»</p>	<p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Мақ:Еңбектеу кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге;көтеріңкі (зат үстінде) тіреуде статикалық тепе-тендікті сақтауды;заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін бекіту.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ:Допты қақпа арқылы домалатуды үйрету.Еңбектеу кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге;көтеріңкі (зат үстінде) тіреуде статикалық тепе-тендікті сақтауды;заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін бекіту.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ:Балаларды аңғарымпаздыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.Есту қабілеттерін жақсарту. Балалардың қимыл белсенділігін арттыра отырып, оларды шапшаңдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Тақ: «Бағдаршам біздің досымыз» Мақ:Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы қарапайым ережелермен таныстыру, жолда қауіпсіз жүру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Көркем әдебиет Тақ: «Жұмыстың бәрі жақсы» Мақ: Қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар,мамандық арқылы кеңейту.</p>	<p>«Таным» Математика негіздері Тақ:«Шаршы.Ұзын-қысқа.Сол жақта,оң жақта» Мақ:Геометриялық фигураларды атау,және тану,шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру.Ұзындығы жағынан бір-біріне қарама-қарсы затты салыстыру;қағаз бетіне бағдарлауды жалғастыру.</p> <p>Жаратылыстану . Тақ «:Көліктер» Мақ:Балаларды үйдегі және көшедегі қауіпсіздікпен таныстыра отырып,көліктер туралы әңгімелету.Ой-өрісін дкеңейту;көркем сөз арқылы тілін дамыту.</p>	<p>«Шығармашылық» Сурет салу Тақ: «Түзу жолда, мен жүремін тура» Мақ:Балалардың боямен сурет салуға қызығушылығын арттыру,саусақтың бұлшық еттерін дамыту</p> <p>Музыка Тақ: «Қауіпсіздік» Мақ: Балалардың есту қабілетін дамыту. Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын байланыстыра қимыл жасауға үйрету</p> <p>Жапсыру Тақ: «Алаша» Мақ: Бейнеленген заттарға сәйкес түрлі түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдауды, желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағуды, алашаның бейнесін жапсыра білуге үйрету.</p>	<p>«Әлеумет» Қоршаған ортамен танысу. Тақ: «Жайлауға саяхат» Мақ: Жайлау туралы түсінік беру,жайлау жазда жайлайтын орын екенін ,киіз үй туралы айту.Табиғатқа қамқор болуға баулу.</p>
--	--	--	---	---	--

«Денсаулық»**Дене шынықтыру**

Мақ: Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру; бытырап, бір – біріне соқтығыспай, заттарды айнала жүру. Басты дұрыс ұстап, табанға толық басып жүру. Заттардың арасынан «ирелендеп» жүру. Екі аяқпен бір мезгілде серпіле қос аяқтап алға жылжи секіру және жерге жеңіл, аяқтың ұшымен қонуға үйрету. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау.

Дене шынықтыру

Мақ: Тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру, текшенің үстінде тепе – теңдік сақтап тұру («тиін бұтақа секірді» - текше, орындық үстіне шығып, шектеулі алаңдаттепе – теңдік сақтау).

Дене шынықтыру

Мақ: Балаларды кеңістікті еркін бағдарлай алуға, ептілікке тәрбиелеу. Аңғарымпаздыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Есту қабілеттерін жақсарту. Балалардың қимыл белсенділігін арттыра отырып, оларды шапшаңдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.

«Қатынас»**Сөйлеуді дамыту**

Тақ: «Күз келді» (сурет бойынша әңгімелеу)

Мақ: Күз туралы түсініктерін кеңейту, әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдауға және түсінуге, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.

Орыс тілі.

Тема: Золотая осень

Цель: Учить называть овощи на русском языке. Называть обобщающим словом «овощи». Учить правильно, отвечать на вопросы, использовать в речи глаголы и прилагательные. Закрепить правильное произношение гласных а, о, у, ы, и. Воспитывать интерес к занятиям по русскому языку.

«Таным»**Математика негіздері**

Тақ: «Алыс-жақын. Шаршы»

Мақ: Заттардың кеңістікте орналасуын ажырату (алыс-жақын), геометриялық фигуралардың дайын формаларын жапсыруға жаттықтыру.

Құрастыру

Тақ: «Күзгі жапырақтар»

Мақ: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға дағдыландыру, күз көрнісін бейнелей білуге және табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Жаратылыстану

Тақ: «Жомарт күз»

Мақ: Көкөністер мен жемістер жайлы түсініктерін одан әрі кеңейте отырып, күзгі табиғаттың әсемдігін байқай білуді дамыту, ауладағы ересектердің еңбегіне бақылау жасау.

«Шығармашылық»**Сурет салу**

Тақ: «Күзгі жаңбыр»

Мақ: Балаларды күзгі табиғат ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Үзік сызықтарды қосу арқылы жаңбырдың суретін салуға үйрету.

Музыка

Тақ: «Бұл қай кезде болады?»

Мақ: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру, түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.

Музыка

Тақ: «Бұл қай кезде болады?»

Мақ: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру, түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.

Өтпелі тақырып: «Дені саудың-жаны сау»
Қараша айы

1.-апта «Өзім туралы»

«Денсаулық»

Дене шынықтыру

Мақ: Бір орыннан тұрып қос аяқпен «доптарша» секіруге үйрету. Орында тұрып жеңіл секіру және еенге (жерге жұмсақ) қону, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. Сап тізбекте тұруға жаттықтыру.

Дене шынықтыру

Мақ: Еденге қойылған тақтаймен төрттағандапалақан мен тізеге сүйеніп, еңбектеуге (ені 25 см, ұзындығы 2м) үйрету. Орын да тұрып жеңіл секіру және еденге (жерге жұмсақ) қону, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. Мойын, иық және қолдың бұлшықеттерін дамыту.

Дене шынықтыру

Мақ: Балалардың сөйлеу тілін дамыту. Белсенді қимыл қозғалысын жетілдіру. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Музыкаға деген әсерленушілік сезімін бекіту.

«Қатынас»

Сөйлеуді дамыту

Тақ: «Біз дәрігерде қонақта болдық»

Мақ: Балаларды медициналық бөлмелермен таныстыру, балалардың сөздік қорын молайту, (қ, т) дыбыстарын айтуды үйрету.

Дәрігерлердің, үлкендердің айтқанын аяғына дейін тыңдай білуге баулу.

Көркем әдебиет

Тақ: «Айлакер түлкі»

Мақ: Балаларды халық ауыз әдебиетіндегі шығармалар кейіпкерлерімен таныстыру, көркем сөйлеу қабілеттерін дамыту.

«Таным»

Математика негіздері

Тақ: «Біздің үй-ішіміз»

Мақ: Қанша-сонша ұғымын ажырату төртбұрыш, үшбұрыш пішіндерін бақылау, ішінде-сыртында кеңістігін ажырату көлемдерін бақылау.

Жаратылыстану

Тақ: «Қуыршақты серуенге киіндіреміз»

Мақ: Адамдар мен табиғат арасындағы өзгерістерді сәйкестендіре білуге үйрету, маусымдық өзгерістерге байланысты киімдерді ажырата білуді үйрету.

«Шығармашылық»

Сурет салу

Тақ: «Қуыршаққа арналған сақина»

Мақ: Дөңгелек пішінді заттардың суретін салуға үйрету, екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Музыка

Тақ: «Дені саудың-жаны сау»

Мақ: Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңі-күй танытуға, әнді созылыңқы айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.

Мүсіндеу

Тақ: «Қуыршаққа арналған шоколад торты»

Мақ: Домалақ пішінде әртүрлі көлемде пішіндерді жасауды дамыту, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

«Әлеумет»

Қоршаған ортамен танысу

Тақ: « Мен және менің достарым»

Мақ: Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру, топтағы балаларды атымен атай білуге үйрету, ұл, қыз ұғымдары туралы түсініктерін бекіту.

<p style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">2. апта. «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»</p>	<p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Мақ: Допты екі қолмен кеуде тұсынан қолдарын екпінді қимылмен жаза лақтыруға үйрету. Қимылды ырғақпен жеңіл,еркін,қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре орындау қабілеттерін қалыптастыру. Жеңіл бытырап жүгіруге жаттықтыру. Дене түзілісін бақылау. Балалардың қимыл тәжірибесін молайту.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ: Еденге салынған резеңке кілемше үстімен төрттағандап алақан мен табанға сүйеніп, еденге еңбектеуге үйрету. Допты екі қолмен кеуде тұсынан қолдарын екпінді қимылмен жаза лақтыруға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ: Ойын шартын түсініп орындауға, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Мойын,иық және қолдың бұлшықеттерін дамыту. Қимылды музыка ырғағына сәйкес орындау. Балаларды көңілді,пысық,ширақ білуге талпындыру.</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Тақ: «Жемістер бағына саяхат» Мақ: Дұрыс тамақтану, дәрумендер туралы түсініктерін кеңейту, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыруға (жемістер мен азық түліктер) сөздерді септелуіне қарай байланыстыруға үйрету.</p> <p>Орыс тілі. Тема: Фрукты Цель:Ввести в словарь детей названия фруктов (Яблоко,груша,апельсин), называть обобщающим словом «фрукты».Закрепить умения отвечать на вопросы:какого цвета?какой по размеру? Воспитывать желание говорить на русском языке.</p>	<p>«Таным» Математика негіздері Тақ: «Күзгі бақшада» Мақ: «Заттардың көлемі,пішіні,түсі бойынша әртүрлі болатынын түсіндіру, «бір және көп ұғымын бекіту»</p> <p>Құрастыру Тақ: «Көпір»(өнім тиеген машина) Мақ:Балаларды құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерімен құрастырып жұмыс жасауға үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Тақ: «Көкөністер» Мақ:Көкөністер туралы білімдерін тиянақтай отырып,дәрумендердің пайдасы туралы айту.Күз айындағы үлкендер еңбегіне құрметпен қарау.</p>	<p>«Шығармашылық» Сурет салу Тақ: «Аюға арналған жидектер мен алмалар» Мақ: Аюға арналған әшекей салуға қызығушылықтарын арттыру.Дөңгелек пішінді салуды жетілдіру, алақанымен алманың суретін салуға үйрету</p> <p>Музыка Тақ: «Жемістер бағында» Мақ: Балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратауға, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету.</p> <p>Музыка Тақ: «Жемістер бағында» Мақ:Балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратауға, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету.</p>	
--	--	---	---	--	--

<p style="text-align: center;">3 апта. «Өзіңе және өзгелерге көмектес»</p>	<p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Мақ:Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Аяқ пен қол қимылын үйлестіре, серпіле екпінмен секіруді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшықеттер мен аяқ-қолдың үйлесімді қимылын дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ:Допты екі қолмен желке тұсынан лақтыруға үйрету; доптың ұшуына дұрыс траектория беру,қолдарын екпінді қимыл мен жаза білудібекіту.Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшықеттер мен аяқ-қолдың үйлесімді қимылын дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ:Балалардың лақтырып, қағып алу қимылдарын жетілдіру. Берілген белгіге көңіл аудару,қимыл-қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Музыкаға деген әсерленушілік сезімін бекіту.</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Тақ: «Көмекшілер» Мақ:Заттарды топтастыруға,оларды атай білуге және сөздік қорларын толықтырып, ойлау қабілетін дамыту. Үлкенге ізеттілік көрсетуге,кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Көркем әдебиет Тақ: «Үш аю» Мақ:Тақырыпқа сәйкес ертегіні оқып беріп оның мазмұнын түсінуге, кейіпкерлерге, оқиғаларға өзінің көзқарастарын білдіруге үйрету</p>	<p>«Таным» Математика негіздері Тақ: «Еңбекті бағалау» Мақ:Суретте және өзіне тікелей жақын кеңістікте орналастыру бағытын ажыратумен атап көрсету. (Биік-аласа),таным заттарды санына қарай салыстыруды жалғастыру.</p> <p>Жаратылыстану Тақ:«Алғашқы көмек» Мақ:Адамның жүріс-тұрыс ерекшеліктерін бағалауға үйренуді жалғастыру,өзге адамға мейірімділікті,қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту.</p>	<p>«Шығармашылық» Сурет салу Тақ: «Табақты әшекейлеу» Мақ:Балаларға қазақтың ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру,табақты әшекейлегенде «тұмарша», «ирек су»ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуға үйрету.Шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Музыка Тақ:«Күз ғажап мезгіл» Мақ: Әуені бір-бірінен айрықша шығармаларды ажырата білуді және оларды есте сақтауды, әнді бірқалыпты қарқынмен көңілді айтуға үйрету.</p> <p>Жапсыру. Тақ: «Менің сүйікті жануарым» Мақ:Бөлшектерді жапсырып,біріңғай бейнені құрып,жануарларды бейнелеуге үйрету,ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>«Әлеумет» Қоршаған ортамен танысу Тақ: «Үй жануарларына қамқорлық жасаймыз» Мақ: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту, Үй жануарларының адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бері.Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдеріне тәрбиелеу.</p>
---	--	--	---	--	---

4 - апта «Ас атасы – нан»

«Денсаулық»

Дене шынықтыру

Мақ:Біртіндеп доғаға тимей 3 доғаның астынан еңбектеп өтуге үйрету. Ұсақ сезім (иоторика) мүшелерін дамыту. Ырғақты қабылдау қабілеттерінің дамуына ықпал ету. Қимыл-қозғалыс сапасын, ептілік, шапшаңдық, икемділік қабілеттерін дамыту.

Дене шынықтыру

Мақ:Бір- біріне соқтығыспай, бытырап жүгіруге үйрету. Шектелген алаңмен тепе – теңдікті сақтай жүруді бекіту. Барлық топпен қатарға тұру. Ұсақ сезім (иоторика) мүшелерін дамыту. Ырғақты қабылдау қабілеттерінің дамуына ықпал ету. Қимыл-қозғалыс сапасын, ептілік, шапшаңдық, икемділік қабілеттерін дамыту.

Дене шынықтыру

Мақ:Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Кеңістікті еркін бағдарлай алуға, ептілікке тәрбиелеу. Аңғарымпаздыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Есту қабілеттерін жақсарту. Балалардың қимыл белсенділігін арттыра отырып, оларды шапшаңдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.

«Қатынас»

Сөйлеуді дамыту

Тақ: «Қайдан келдің бауырсақ»

Мақ:Нан туралы түсініктерін кеңейту, шапшаң сөйлеу қарқынын сақтауға (жаңылтпаш), сөздерді септелуіне қарай байланыстыруға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.

Орыс тілі.

Тема:Продукты
Цель: формирование навыков произношения слов на русском языке, обозначающих названия продуктов питания. **Задачи:** обогащать словарь по теме (хлеб, молоко, масло, продукты), закреплять умение слушать педагога, отвечать на вопросы, повторять слова, развивать внимание, зрительные, слуховые анализаторы; воспитывать бережное отношение к продуктам питания

«Таным»

Математика негіздері

Тақ: «Ғажайып қалта»

Мақ:Геометриялық пішіндер туралы балалардың білімін бекіту, ойлау қабілетін арттыру.

Құрастыру

Тақ: «Бақбақ»
Мақ:Майдалап кесілген қағаз майлықтарды умаждап түрлі түсті гүлдер жасауға үйрету

Жаратылыстану

Тақ: «Дастарханға тамақ жасайық»

Мақ:Балаларды тамақ түрлерімен таныстыра отырып, ыдыс-аяқ заттарымен және оның адам өміріндегі мәнімен таныстыру. Олардың сапасы мен қасиеті туралы түсінік беру.

«Шығармашылық»

Сурет салу

Тақ: «Бауырсақ»

Мақ:Ас атасы нан туралы айта отырып, ертегі кейіпкері бауырсақты салуды үйрету. Сурет салуға ынталы болуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Музыка

Тақ: «Жемістер мен көкөністер пайдасы»
Мақ:Балаларды жылдамдыққа үйрету. Музыканың жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің ара қатынасын тану.

Музыка

Тақ: «Жемістер мен көкөністер пайдасы»
Мақ:Балаларды жылдамдыққа үйрету. Музыканың жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің ара қатынасын тану.

<p style="text-align: center;">Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным» Желтоқсан айы</p>	<p style="text-align: center;">1-апта «Тәуелсіз Қазақстан Президенті, Мемлекеттік рәміздер.»</p>	<p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Мақ/ы: Ұзындыққа бір орында тұрып, аяқпен неғұрлым күшті серпіле секіруге үйрету. Шектелген алаңмен тепе-теңдік сақтай жүруді бекіту. Сап-тізбекке бойына қарай тұру. Дене түзілісінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Аяқ бұлшықеттерін дамыту, музыка ырғағына сәйкес табиғи, еркін қимыл жасауға талпындыру.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Шектелген алаңмен тепе-теңдік сақтай жүруді бекіту. Сап-тізбекке бойына қарай тұру. Дене түзілісінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Аяқ бұлшықеттерін дамыту, музыка ырғағына сәйкес табиғи, еркін қимыл жасауға талпындыру.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ/ы: Балаларды аю қимылын жасауға, ептілікке үйрету. Аңғарымпаздыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Есту қабілеттерін жақсарту. Балалардың қимыл белсенділігін арттыра отырып, оларды шапшаңдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Тақ: «Менің тұңғыш-Елбасым» Мақ: Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту, берілген сұрақты тыңдау және оны түсіне білуді жетілдіру.</p> <p>Көркем әдебиет Тақ: «Отан» Е. Өтетілеу-ұлы Мақ: Туған жер, Отан туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақ оқып беріп оның интонациясын қабылдауға, тақпақты жатқа айтуға үйрету.</p>	<p>«Таным» Математика негіздері Тақ: «Ұшақ кілемше» Мақ: Заттарды саны бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Бір-бірінің үстіне қою және жанына қою тәсілін қолдана отырып, заттар тобын санына қарай салыстыру, қай зат үлкен, кішісі қайсысы тең нәтижесін сөзбен айта білуге үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Тақ: «Менің елім-мақтанышым» Мақ: Балаларға Отан жалғыз, оның әлемдегі ең қымбат дүние екендігі туралы түсінік беру, өз Отанына деген мақтаныш сезімге тәрбиелеу.</p>	<p>«Шығармашылық» Сурет салу Тақ: «Мерекелік отшашу» Мақ: Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл-күйлерін көтеру. Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. .</p> <p>Музыка. Тақ/ы: «Алғашқы қар» Мақ/ы: Музыкалық өнер құралдарымен бейнеленген қоршаған әлемнің әсемдігін танып білу. Қыс мезгілінің құбылыстарымен табиғат ерекшелігін айтып өту</p> <p>Мүсіндеу. Тақ: «Пирамида» Мақ: Пирамида ойыншығы туралы түсініктерін кеңейту, түстерді, көлемдерді ажырата білуге баулу. Пирамида ойыншығын мүсіндеуді үйрету.</p>	<p>«Әлеумет» Қоршаған ортамен танысу Тақ: «Туған өлкем-Қазақстан» Мақ: Балалардың өз Отаны туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін қалыптастыру</p>
---	---	---	--	---	---	--

2. апта «Туғанөлкем»

«Денсаулық»

Дене шынықтыру.

Мақ/ы: Педагогтің лақтырған добын қағып алу және кері лақтыруды және допты саусақтарды еркін ұстап, алақанмен қағып алуын бекіту. Тақпақ, өлең сөз мазмұнына, музыка ырғағына сәйкес қимыл жасауын, қол басының икемділігін дамыту.

Дене шынықтыру.

Мақ/ы: Гимнастикалық қабырғаның екінші көлденең салмасына бекітілген көлбеу тактайеңбектеуді үйрету. Педагогтің лақтырған добын қағып алу және кері лақтыруды және допты саусақтарды еркін ұстап, алу.

Дене шынықтыру

Мақ/ы: Балаларды ептілікке тәрбиелеу. Ойын шартын түсініп орындауға, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Мойын, иық және қолдың бұлшықеттерін дамыту. Қимылды музыка ырғағына сәйкес орындау. Балаларды көңілді, пысық, ширақ білуге талпындыру

«Қатынас»

Сөйлеуді дамыту

Тақ: «Менің қалам»

Мақ: Балаларға туған қаласы оның табиғаты, айналасындағы заттар туралы түсініктерін кеңейту, зат есімдерді пайдалана отырып, сөйлем құрауға үйрету

Орыс тілі.

Тема: Наша родина- Казахстан
Цель: формирование навыков слушания и понимания слов приветствия на русском языке. Задачи: обучать детей умению проговаривать слова приветствия и прощания на русском языке хором и индивидуально; умению слушать, запоминать, понимать вопрос и отвечать на него на русском языке; Дети (3-4 лет) должны знать и уметь говорить на русском языке: названия страны и города, в которых они живут; особенности своего села.

«Таным»

Математика негіздері

Тақ: «Көп қабатты үйлер»

Мақ: Өзінің туған қаласы туралы білуге үйрету. Тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, түн тануға және атауға үйрету және санауға дағдыландыру.

Жаратылыстану

Тақ: «Туған қалаға саяхат»

Мақ. Балаларды туған қаламен таныстыру және туған қала туралы түсініктерін қалыптастыру.

Құрастыру.

Тақ: «Торсық» (қағаз бөліктерінен)

Мақ: торсықпен таныстыру, қағаздан қиылған төрт бөліктен құрастырып жасауға үйрету.

«Шығармашылық»

Сурет салу

Тақ: «Қаланы безендіреміз»

Мақ: Балаларды бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету.

Музыка

Тақ/ы: «Қысқы әуен»

Мақ/ы: Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру. Қыс әндеріне деген қызығушылықтарын ояту. Музыканы тыңдауға талпындыру

Музыка.

Тақ/ы: «Қысқы әуен»

Мақ/ы: Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру. Қыс әндеріне деген қызығушылықтарын ояту. Музыканы тыңдауға талпындыру

	<p style="text-align: center;">3. апта. «Нұрсұлтан – Отанымыздың жүрегі»</p>	<p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Мақ/ы:Кегельге дейін еңбектеп барып, кегельді алу, тұру, түзелуді үйрету. Иық бұлшықеттерін, қол басын дамыту. Бейнелі қимыл бере білу, тепе- теңдік сақтау, ептілік пен төзімділік қабілеттерін дамыту</p> <p>Дене шынықтыру Мақ/ы: Кегельге дейін еңбектеп барып, кегельді алу, тұру, түзелуді үйрету. Иық бұлшықеттерін, қол басын дамыту. Бейнелі қимыл бере білу, тепе- теңдік сақтау.</p> <p>Дене шынықтыру. Мақ/ы:Балаларды байқампаздыққа тәрбиелеу; қимыл белсенділігін арттыра отырып, оларды шапшаңдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Тақ: «Отан» М.Хакімжанова Мақ:Еліміздің бас қаласы Астана, Бәйтерек туралы түсініктерін кеңейту, сөздерді анық айтуға, тақпақты жаттап алуға дағдыландыру.</p> <p>Көркем әдебиет Тақ: «Кілем-алаша»(жаттау Мақ:Тақырыпқа сәйкес тақпақтың сөздерін асықпай, дыбыстарды анық айтуға, бейнелі сөздерді қолдануға үйрету,қазақ халқының өнерін,салт-дәстүрін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p>	<p>«Таным» Математика негіздері Тақ: «Менің Отаным» Мақ:Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты,жоғарыда-төменде,алыста-жақында; қоршаған ортада басқа геометриялық фигураларды ажырата білуге үйрету</p> <p>Жаратылыстану Тақ: «Жақсы деген немене,жаман деген немене» Мақ:Қоршаған ортаға деген қамқорлықтарын ерекше атап көрсету.Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қызығушылықтарын</p>	<p>«Шығармашылық» Сурет салу Тақ: «Түрлі-түсті шарлар» Мақ:Түзу, домалақ пішіндерді салуды жетілдіру, оларды әдемі етіп әр түспен бояу арқылы эстетикалық талғамының дамуына мүмкіндік туғызу.</p> <p>Музыка Тақ/ы«Отан орта үйіміз»: Мақ/ы: Отанға ,туған жеріне,елге деген сүйіспеншілікті ояту.Отан туралы өлеңдер айтқызу</p> <p>Жапсыру. Тақ: «Түрлі-түсті жалаушалар» Мақ: Мереке туралы мағлұмат беру.Жалаушаларды түр-түсіне қарай араластыра тізбектеуге үйрету.Көргендерін есте сақтап қиылған жалаушаларды дұрыс орналастыру,балаларды қайырымдылыққа үйреу.</p>	<p>«Әлеумет» Қоршаған ортамен танысу Тақ: «Отан-ортақ үйіміз» Мақ:Балалардың Өз Отаны туралы білімін кеңейту,қызығушылықтарын арттыру.Отан жалғыз,оны әлемдегі ең қымбат дүние екендігі туралы түсіндіру.</p>
--	---	---	---	---	--	--

	<p style="text-align: center;">4-апта. Тарихқасаяхат</p> <p>Денсаулық Дене шынықтыр Мақ/ы:Екі аяқпен екпінмен серпіле, аяқтың ұшына тұруды үйрету Сап тізбекте өз жұбын есте сақтау қабілеттерін дамыту</p> <p>Дене шынықтыру. Мақ/ы: Еденде жатқан жалпақ шығыршыққа екі аяқпен екпінмен серпіле секіріп, аяқтың ұшына тұруды; педагогтің лақтырған добын қағып алу және кері лақтыру және допты саусақтарды еркін ұстап, алақанмен қағып алуды үйрету. Алаңның бір шетінен екінші шетіне жүгіруді бекіту. Кеңестікті бағдарлау.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ/ы: Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыруды үйрету. Допты лақтырған соң қолды түзу ұстауды бекіту. Қимыл үйлесімділігін, сап – тізбекте өз орнын таба білу қабілеттерін дамыту</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту. Тақ: «Менің елім Қазақстан» (сурет бойыша әңгіме)Мақ:Балаларға туған жер, Отан туралы түсінік беру, сөздерді байланыстыруға, сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдануға үйрету,</p> <p>Орыс тілі. Тема:Мои части тела Цель:формирование навыка употребления в речи имен существительных в форме единственного и множественного числа. Задачи: ввести в словарь детей названия частей тела, учить называть их во множественном и единственном числе; развивать речь, внимание, память, воспитывать бережное отношение к своему телу</p>	<p>Таным Математика негіздері Тақ: «Көп қабатты үйлер» Мақ:Жеке заттардан топ құрауға үйрету, қарама-қарсы көлемдерді салыстыра білуге үйрету, оң-сол кеңістігін ажырата білуге дағдыландыру.</p> <p>Жаратылыстану Тақ: «Менің Отаным Қазақстан» Мақ:Өз Отаны туралы білуге деген құштарлығын ояту. Қазақстанның кең-байтақ мемлекет екенін түсіндіру, патриоттық сезімге тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру. Тақ: «Орындық пен кресло» Мақ:Құрастырмалы материалдардан орындық пен креслоны құрастыра білуге үйрету. Үй жиһаздарын ұқыпты пайдалануға дағдыландыру.</p>	<p>Шығармашылық Сурет салу Тақ: «Түрлі-түсті шарлар» Мақ:Балаларға дөңгелек, сопақша пішіндерді салуға жаттықтыру, оларды әдемі етіп әр түспен бояу арқылы эстетикалық талғамның дамуына мүмкіндік тудыру.</p> <p>Музыка Тақ/ы:«Жаңа жыл» Мақ/ы :Музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау</p> <p>Музыка Тақ/ы:«Жаңа жыл» Мақ/ы :Музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау</p>	
--	---	--	---	--	--

<p style="text-align: center;">Өтпелі тақырып: «Қыс қызығы» Қаңтар айы</p>	<p style="text-align: center;">1. апта «Қыс мезгілі»</p> <p>«Денсаулық» Дене шынықтыру Мақ/ы:Бөрененің үстінен еңбектеп өтуді үйрету.Допты лақтырған соң қолды түзу ұстауды бекіту. Қимыл үйлесімділігін, сап – тізбекте өз орнын таба білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ/ы: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа баулу. Кеңістікті еркін бағдарлай алуға, ептілікке тәрбиелеу. Аңғарымпаздыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.Есту қабілеттерін жақсарту. Балалардың қимыл белсенділігін арттыра отырып, оларды шапшаңдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ/ы: Бір орында тұрып қос аяқпен өзін айнала секіруге үйрету жетілдіру.Жағымды көңіл күй,өзіндік қимыл белсенділігін қалыптастыру.Аяқ пен табан бұлшықеттерін нығайту.</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Тақ: «Алғашқы қар» Мақ:Балалардың қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңету,тіл байлықтарын жетілдіру,қойылған сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беруге үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет Тақ:«Қар»(Жаттау) Қ.Сыдықов Мақ:Қар туралы түсінік бере отырып,өлеңді мәнерлеп айтуға жаттықтыру,жатқа айта білуге үйретуді жалғастыру.</p>	<p>«Таным» Математика негіздері Тақ: «Биік-аласа» Мақ:Біреу және көп түсініктерін қайталау,үшбұрышпен танысу,балалардың сөйлеу тілін,ойын дамыту.</p> <p>Жаратылыстану Тақ: «Қысқы табиғат» Мақ:Табиғатта болатын құбылыстарды танып,терең сезіне білуге тәрбиелеу.Балаларға табиғат құбылыстар туралы түсінік беру,табиғатты қадірлей білуге тәрбиелеу.</p>	<p>«Шығармашылық» Сурет салу Тақ: «Қар жауып тұр» Мақ:Түстер туралы білімдерін дамыту,бояу арқылы саусақтың көмегімен сурет салу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Музыка Тақ/ы:«Орманғ саяхат» Мақ/ы:Ойын арқылы балалардың есту,сезіне,ән айту қабілеттерін қалыптастыруу Сюжеттік-ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.</p> <p>Мүсіндеу. Тақ: «Шыршаға арналған ойыншықтар» Мақ:Түрлі-түсті ермексаздың көмегімен домалақтау,созу арқылы шыршаға арналған ойыншықтар жасау.</p>	<p>«Әлеумет» Қоршаған ортамен танысу Тақ: «Ару шырша балаларға өте ұнайды» Мақ:Балаларды қыс мезгілімен одан әрі таныстыра отырып,жаңа жыл мерекесімен және оның басты белгісі шыршымен таныстыру.Жағымды эмоцияға тәрбиелеу.</p>
---	---	--	--	---	--

<p style="text-align: center;">2. апта «Жануарлар әлемі»</p>	<p>«Денсаулық» Дене шынықтыру. Мақ/ы: Бір орында тұрып қос аяқпен өзін айнала секіруге үйрету. Денені түзу ұстап, тепе-теңдік сақтау қабілеттерін жетілдіру. Жағымды көңіл күй, өзіндік қимыл белсенділігін қалыптастыру.</p> <p>Дене шынықтыру Мақ/ы: Балаларды ептілікке тәрбиелеу. Ойынға деген қызығушылығын дамыту. Иық бұлшықеттерін, қол басын дамыту. Бейнелі қимыл бере білу, тепе-теңдік сақтау, ептілік пен төзімділік қабілеттерін дамыту</p> <p>Дене шынықтыру Мақ/ы: Тереңдікке секіруге үйрету. Орындықтан секірген кезде алға қарап, бас пен денені түзу ұстап, аяқты сәл бүгіп, табанды жазып, жерге жеңіл қону; шеңбер құру; бір-біріне кедергі жасамай, алға-артқа жылжи білу.</p>	<p>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Тақ: «Аңдар қысқа қалай дайындалады» Мақ: Қыс туралы түсініктерін одан әрі жалғастыру, түрлі жануарлардың қысқа қалай дайындалатыны туралы әңгімелеу. Сөйлем құрауға, байланыстырып сөйлеуге үйрету»</p> <p>Орыс тілі. Тема: Дикие животные Цель: формирование умения проговаривать стихотворную форму с выделением ударного слога. Задачи: ввести в словарь детей названия диких животных, закреплять умение понимать вопрос: кто это? и отвечать на него; заботливое отношение к животным</p>	<p>«Таным» Математика негіздері Тақ: «Тәулік мезгілдері» Мақ: Балалардың кеңістікті, уақытты бағдарлай білу, жетілдіру. Дидактикалық ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Жаратылыстану Тақ: «Кірпімен танысу» Мақ: Балаларды жабайы аңдармен таныстыра отырып, кірпімен таныстыру, оның өзіндік ерекшелігін білу, Аңдарға деген қамқорлық сезімін ояту.</p> <p>Құрастыру. Тақ: «Жануарларға арналған үйшіктер» Мақ: Балаларды құрылыс материалдарынан үйшік құрастыруға үйрету. Заттардың түрін, пішінін ажыратуға үйрету.</p>	<p>«Шығармашылық» Сурет салу Тақ: «Тікенекті кірпі» Мақ: Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру, қысқа, түзу сызықтарды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Тақ/ы: «Ақ тиін» Мақ/ы: Сюжеттік-рөлді ойындарға қатысуға қабілеттерін әрі қарай дамыту, әуенді есту, сезіну, әнді бірге бастап бірге аяқтауға үйрету</p> <p>Музыка Тақ/ы: «Ақ тиін» Мақ/ы: : Сюжеттік-рөлді ойындарға қатысуға қабілеттерін әрі қарай дамыту, әуенді есту, сезіну, әнді бірге бастап бірге аяқтауға үйрету</p>	
---	--	---	---	--	--

3. апта «Кұстар – біздің досымыз»

«Денсаулық»

Дене шынықтыру

Мақ/ы: Допты жоғары лақтыру және оны қағып алуға үйрету. Тереңдікке секіруге үйрету. Орындықтан секірген кезде алға қарап, бас пен денені түзу ұстап, аяқты сәл бүгіп, табанды жазып, жерге жеңіл қону; шеңбер құру; бір-біріне кедергі жасамай, алға-артқа жылжи білу қабілеттерін бекіту. музыкаға сәйкес затпен (таспа) қимыл жасауға талпыну.

Дене шынықтыру

Мақ/ы: Балаларды сақтыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелей отырып, сөйлеу тілін дамыту. Ойынға деген қызығушылығын дамыту. Иық бұлшықеттерін, қол басын дамыту. Бейнелі қимыл бере білу, тепе- теңдік сақтау, ептілік пен төзімділік қабілеттерін дамыту.

Дене шынықтыру.

Мақ/ы: Белгі бойынша тоқтай білуге жаттықтыру. Допты астынан екі қолмен алға (алысқа) еркін лақтыруға үйрету. көтеріңкі кеңістікте тепе - теңдік сақтап жүруді бекіту. Музыкаға сәйкес адымдап, аяқты жоғары көтере, қолды еркін ұстап жүру дағдыларын дамыту

«Қатынас»

Сөйлеуді дамыту

Тақ: «Кұстар ауласында»

Мақ: Дыбыстарды дұрыс айтып,

айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, мәнерлеп айтуға жаттықтыру, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Көркем әдебиет

Тақ: «Шұбар тауық» (ертегі)

Мақ: Балаларға ертегі желісін

түсіндіру, кейіпкерлерін таныту, сөздерді дұрыс дыбыстауға және ертегіге деген қызығушылығын арттыру.

«Таным»

Математика негіздері

Тақ: «Оң және сол жақ»

Мақ: Кеңістікті

бағдарлауға үйрету, (оң және сол жақ). Балалардың сөйлеу тілін, ойын дамыту.

Жаратылыстану

Тақ: «Не қалай дыбыстайды?»

Мақ: Құстардың сайраған

дыбыстарын тыңдату

арқылы әр құстың

дыбысын ажыратуға

үйрету. Құстарға деген

сүйіспеншіліктерін

арттыру.

«Шығармашылық»

Сурет салу

Тақ: «Кұстар»

Мақ: Құстар туралы

түсініктерін

кеңейту, құстардың

үнін, қимыл-қозғалысын

бейнелеп, дене бөліктерін

ажырата отырып, сурет

салуға үйрету.

Музыка

Тақ/ы: «Біз сені

сағынамыз жасыл шырша»

